

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 __ жылғы «__» _____

№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента

«__» _____ 20 __ года

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
А.Ғ.Ғиниятқа

2022ж. «14» қыркүйек жарияланды

Депутаттық сауал

Құрметті Ажар Ғиниятқызы!

Ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінде мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында синтетикалық есірткіні тұтыну қарқынының өсуіне байланысты осы елеулі проблема жайлы сөз қозғалды. Мемлекет басшысы соңғы **үш жылда** айналымнан алынып тасталатын "синтетика" көлемі **10 есе** өскенін атап өтті. Жыл өткен сайын синтетикалық есірткі арзан әрі қолжетімді бола бастады. Олар тәжірибе жүзінде әлеуметтік желілер, мессенджерлер арқылы сатылады, тіпті үйге де жеткізіліп береді.

2021 жылғы 10 маусымда "Адам өмірі мен денсаулығына зиянды әсер ететін күшті әсер ететін заттардың тізбесін айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің №396 Қаулысымен адам өмірі мен денсаулығына зиянды әсер ететін заттардың тізбесі анықталды, оған жаңа пайдаланыстағы дәріханалық нашақорлық препараттары енгізілді, атап айтсақ: "Трамадол", "Тропикамид", "Мидакс", "Сомнол" және "Лирика".

Алайда, аталған препараттардың айналымы үшін белгілі бір жауапкершілік заңмен көзделмеген.

Фармацевтикалық ұйымдарға және «дәріханалық есірткілерді» есірткі құралдары мен психотроптық заттардың айналымы (*сатып алу, есепке алу, сақтау, пайдалану, белгілеу, сату*) қағидаларының бұзылуына бақылауды күшейту үшін: "Трамадол", "Тропикамид", "Мидакс", "Сомнол" және "Лирика" препараттарының тізіміне Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың тізіміне өзгерістер енгізу және бұл препараттарды адам өмірі мен денсаулығына зиянды әсер ететін күшті заттар санатынан стероид емес қабынуға қарсы препараттар санатына ауыстырған жөн деп есептейміз.

Сонымен қатар, енгізілген өзгерістер ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің тиісті нормативтік-құқықтық актілері бар "Морфин", "Промедол", "Диазепам" және т.б. сияқты препараттармен ұқсастығы бойынша апетикалық нашакорлық препараттары үшін қатаң есептілікті қамтамасыз етеді.

Сонымен, атап өткен шаралар:

- біріншіден, фармацевтикалық ұйымдар мен медициналық мекемелерге көрсетілген препараттарды тағайындауға және сатуға қойылатын талаптарды сақтау жiгiнде бақылауды күшейтуге;

- екiншiден, Қазақстан Республикасының қылмыстық Кодексiнде және әкiмшiлiк құқық бұзушылық туралы Кодексiнде көзделген есiрткi құралдарымен және психотроптық заттармен жұмыс iстеу қағидаларын бұзғаны үшiн жауапкершiлiкке тартуға мүмкiндiк бередi.

Сондықтан, бұл мәселені ерекше бақылауға алып, қабылданған шаралар туралы заңнамамен белгіленген мерзімде жазбаша түрде хабарлауыңызды сұраймын.

**Құрметпен,
«AMANAT» партиясы фракциясының
депутаттары**

**Елюбаев М.С.
Бижанова Г.Қ
Имашева С.В.
Колода Д.В.
Рахымжанов Ә.М.
Сартбаев Б.М.
Телпекбаева Ж.Т.
Қаратаев Ф.Ә.**

**«Ақ жол» партиясы фракциясының
депутаттары**

**Дүйсенбинов Б.С.
Раманқұлов М.Б.**

**Қазақстан Халқы Ассамблеясының
депутаты**

Набиев В.Г.

Орынд. Муратова М.
Тел: 74-67-52, muratova@parlam.kz